

Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығы ескеріле отырып, міндетті бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 желтоқсанда № 25595 болып тіркелді

2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 321-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығы ескеріле отырып, міндетті бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы.

2 Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқаруда мемлекеттік саясат департаменті заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі берілген тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.*

А. Примкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2021 жылғы 2 желтоқсандағы
№ 482 бұйрығымен
бекітілген

Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығы ескеріле отырып, міндетті бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығы ескеріле отырып, міндетті бөлек жинауға және басқаруға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 321-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Кодекс).

2. Осы Талаптарда келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) контейнерлік алаңдар – тұрмыстық қатты қалдықтарды (бұдан әрі – ҚТҚ) тасымалдауды жүзеге асыратын арнайы бейімделген көлікке арналған кірме жолдары бар, ҚТҚ жинау үшін контейнерлер орналастырылатын қалдықтарды жинақтауға арналған арнайы алаңдар;

2) қалдықтар – өндіру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету процесінде немесе тұтыну процесінде түзілген, иесі қалдықтар деп тікелей танитын не заңның талаптарына орай жоюға немесе қалпына келтіруге жіберуге тиісті, немесе жою немесе қалпына келтіру жөніндегі операцияларға ұшыратуға ниеттенетін не ұшырататын кез келген заттар, материалдар немесе нәрселер (оның ішінде, өздерінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар) қалдықтары;

3) қалдықтарды жинауға арналған контейнер – қалдықтардың жекелеген түрлерін бөлек жинауға арналған, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес

дайындалған және контейнерлік алаңдарда немесе осы үшін арнайы бөлінген орындарда орналастырылатын, тиісті қарама-қарсы таңбасы бар мамандандырылған ыдыс;

4) қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі (бұдан әрі – орталықтандырылған жүйе) – меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан, тұрғын үйлерде не жеке тұрған ғимараттарда (құрылысжайларда) тұратын (орналасқан) және (немесе) өз қызметін жүзеге асыратын және меншік құқығында контейнер алаңдары мен контейнерлері жоқ, сондай-ақ ортақ пайдаланылатын жерде орналасқан, меншік құқығындағы контейнер алаңдары мен контейнерлері бар жеке және заңды тұлғаларды ҚТҚ жинау, тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету шеңберінде жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын жүйе;

5) қалдықтарды жинақтау – қалдықтардың түзілуі немесе қалдықтарды түпкілікті қалпына келтіру немесе жою сәтіне дейін одан әрі басқару процесінде жүзеге асырылатын арнайы белгіленген орындарда қалдықтарды уақытша жинап қою қалдықтарды жинақтау деп түсініледі;

6) қалдықтарды бөлек жинау – қалдықтарды одан әрі мамандандырылған басқаруды оңайлату мақсатында оларды түрлері немесе топтары бойынша бөлек жинау;

7) қалдықтарды басқару – қалдықтар түзілген кезден бастап түпкілікті жойылғанға дейін қалдықтарға қатысты жүзеге асырылатын операциялар қалдықтарды басқару;

8) мамандандырылған ұйым (кәсіпорындарға) – қалдықтарды басқару саласындағы хабарлама режимінде қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіру және (немесе) жою жөніндегі қызметті жүзеге асыратын не қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия ала отырып, қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар;

9) ірі габаритті қалдықтар – өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан және өзінің мөлшері бойынша мамандандырылған көлік құралдарымен тасымалдау мүмкіндігін болдырмайтын тұтыну және шаруашылық қызметінің қалдықтары (тұрмыстық техника, жиһаз және басқалар).

3. Қалдықтардың иелері қалдықтарды жинау мен жинауды контейнерлік алаңдарда немесе осы үшін арнайы бөлінген үй-жайларда жүргізеді.

4. Қалдықтарды жинау, қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдарға (кәсіпорындарға) қалдықтарды беру бір мезгілде осындай қалдықтарға меншік құқығы субъектілеріне, оның ішінде қалдықтарды контейнерлік алаңшалардың аумағында орналасқан контейнерлерге немесе қалдықтарды жинаудың белгіленген орындарына орналастыру кезіне көшуді білдіреді.

5. Бөлек жиналған қалдықтарды қалдықтарды басқарудың барлық келесі кезеңдерінде араластыруға тыйым салынады.

6. Кодекстің 329-бабының 1-тармағына сәйкес қалдықтарды иелері қоршаған ортаны қорғау және Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету мүддесіне орай, қалдықтардың түзілуін болғызбау және түзілген қалдықтарды басқару жөніндегі шараларды олардың артықшылығының кемуі тәртібімен мынадай реттілікпен қолдануға тиіс:

- 1) қалдықтардың түзілуін болғызбау;
- 2) қалдықтарды қайтадан пайдалануға дайындау;
- 3) қалдықтарды қайта өңдеу;
- 4) қалдықтарды кәдеге жарату;
- 5) қалдықтарды жою.

Осы тармақтың 2) – 5) тармақшаларында көзделген операцияларды жүзеге асыру кезінде қалдықтардың иелері қажет болған кезде Кодекстің 329-бабының 1-тармағына сәйкессұрыптау, өңдеу және жинақтау жөніндегі қосалқы операцияларды орындауға құқылы.

7. Қалдықтардың иелері қалдықтардың пайда болуын болдырмау және түзілген қалдықтарды басқару жөніндегі иерархия қағидатына сәйкес қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне қалдықтарды беру арқылы қалдықтарды қауіпсіз басқаруды дербес жүзеге асырады немесе олардың қауіпсіз басқарылуын қамтамасыз етеді.

Қалдықтардың иелері және (немесе) қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдар (кәсіпорындар) тиісті операцияларды адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіру және экологиялық залал келтіру қатерінсіз орындайды:

- 1) суға, оның ішінде жерасты суларына, атмосфералық ауаға, топыраққа, жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлеміне тәуекелсіз;
- 2) ландшафтар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға теріс ықпалын тиізбей орындауға міндетті.

2-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың орталықтандырылған жүйесін ұйымдастыруы

8. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, орталықтандырылған жүйені:

- 1) Кодекстің 367-бабының 4-тармағына және Кодекстің 365-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган бекіткен коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі қағидаларға сәйкес ҚТҚ жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау бойынша конкурс (тендер) өткізу;

2) тиісті елді мекенде қалдықтардың әрбір түрін (фракциясын) бөлек жинау үшін контейнерлік алаңдарда контейнерлердің қажетті санын (2-ден кем емес) орнатуды ұйымдастыру, бұл халықтың қажеттілігіне қарай белгіленеді;

3) елді мекендегі контейнер алаңдарының және қайталама шикізатты қабылдау пункттерінің орналасқан жерін айқындау;

4) Кодекстің 365-бабына және Кодекстің 368-бабының 5-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген қалдықтарды басқару саласының ұлттық стандарттарына сәйкес контейнерлік алаңдар мен пайдаланылатын контейнерлерді бірыңғай салуды немесе реконструкциялауды іске асыру;

5) бөлек жиналған қалдықтарды тасымалдауды ұйымдастыру;

6) ҚТҚ жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді әзірлеу және тиісті жергілікті өкілді органдарға бекітуге ұсыну;

7) қалдықтарды бөлек жинау бойынша халықпен түсіндіру және ақпараттық жұмысты ұйымдастыру.

9. Тұрғын үйлерде немесе жеке тұрған ғимараттарда (құрылыстарда) қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер орталықтандырылған жүйені пайдалану кезінде ҚТҚ тасымалдауға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар айқындаған мамандандырылған ұйымдардың (кәсіпорындардың) қауіпті тастап кететін коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі қызметтерге шарттар жасасады.

3-тарау. Қалдықтарды бөлек жинауға қойылатын талаптар

10. Бөлек жинау мынадай фракциялар бойынша жүзеге асырылады:

1) үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұқсас сипаты мен құрамы бойынша тамақ қалдықтарынан, органикалық заттардан, аралас қалдықтардан және қалдықтардан тұратын "ылғалды" фракция;

2) қағаздан, картоннан, металдан, пластиктен және әйнектен тұратын "күрғақ" фракция.

11. Электрондық және электр жабдықтар, құрамында сынап бар қалдықтар, батарейкалар, аккумуляторлар және өзге де коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштары қауіпті құрамдастар бөлек жиналуға және Кодекстің 365-бабының 6-тармағына сәйкес мамандандырылған ұйымдарға (кәсіпорындарға) қалпына келтіруге беріледі.

12. ҚТҚ-ның "күрғақ" және "дымқыл" фракцияларына арналған контейнерлерде жанып тұрған, қызған немесе ыстық қалдықтар, ірі көлемді қалдықтар, қар мен мұз, коммуналдық қалдықтарды қалдыратын қауіпті қалдықтар, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі, контейнерлерді немесе қоқыс тасығыштарды зақымдауы, сондай-ақ полигондарда көмуге тыйым салынған қалдықтар жиналмайды.

13. Құрылыс қалдықтары қалдықтардың басқа түрлерінен тікелей құрылыс алаңында немесе жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған арнайы орында міндетті түрде бөлінуге жатады.

14. Меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан, орталықтандырылған жүйені пайдалану кезінде нақты елді мекенде немесе оның құрамдас бөлігінде қалдықтарды бөлек жинау үшін орталықтандырылған жүйе шеңберінде жасалған шарттарға сәйкес түзілген қалдықтарды түрлері немесе топтары бойынша бөлуді қамтамасыз етеді.

15. Қалдықтарды жинауды және әкетуді жүзеге асыратын, орталықтандырылған жүйеге жатпайтын қалдықтарды бастапқы құрушылар және мамандандырылған ұйымдар (кәсіпорындар) жиналатын қалдықтарды кемінде екі фракция ("құрғақ" және "дымқыл") бойынша бөлек жинауды қамтамасыз етеді.

16. Қалдықтарды дербес жинауды және әкетуді жүзеге асыратын, орталықтандырылған жүйеге жатпайтын қалдықтарды түзушілер Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрығымен бекітілген қалдықтар сыныптауышына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23903 болып тіркелген) сәйкес қалдықтарды бөлек жинақтауды және полигонға жеткізуді қамтамасыз етеді.

17. Жылжымайтын объектілерді салуды және (немесе) жөндеуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырған арнайы орындарға дербес әкетуді жүргізеді.

18. Оларды жалға беретін ғимараттар мен құрылыстардың меншік иелері жалға алушылар үшін түзілетін қалдықтарды бөлек жинауды қамтамасыз етеді.

19. Жергілікті атқарушы органдар жеке тұлғаларда (тұрғындарда) түзілетін құрылыс және ірі габаритті қалдықтар үшін алаңы кемінде 12 м² жабыны және қоршауы бар орын ұйымдастырады.

20. Аумағында контейнер алаңдары бар заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер (мүлік иелерінің бірлестіктері, басқарушы компаниялар, қызмет көрсететін ұйымдар және т. б.) контейнер алаңдарын, ірі көлемді қалдықтарды жинауға арналған арнайы алаңдарды, сондай-ақ оларға іргелес аумақтарды ұстауды жүзеге асырады, халық үшін және мамандандырылған көлік құралдарының жұмысы үшін жағдай жасау мақсатында контейнерлерге кіреберістер мен жолдарды қардан және мұздан тазартуды жылдың қысқы мезгілінде ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

21. Жеке тұрған ғимараттардың (құрылыстардың), ұйымдардың, мәдени-бұқаралық мекемелердің, демалыс аймақтарының аумағындағы жергілікті атқарушы органдар мамандандырылған көлік үшін ыңғайлы асфальтталған кіреберістері бар контейнер алаңдарын салуды (реконструкциялауды) ұйымдастыру арқылы меншік иесіне (құрылыс салушыға) жәрдем көрсетеді.

22. Қалдықтарды бөлек жинауға арналған әрбір контейнер қазақ және орыс тілдерінде, оның ішінде:

қалдықтардың жиналатын түрі (фракциясы) туралы ақпараттық жапсырма/жазба;
контейнердің меншік иесі туралы деректер (атауы, телефоны);
контейнерге қызмет көрсететін ұйым.

Таңбалау түрлі-түсті контейнерлерге салынған жағдайда, ол карама-қарсы түспен орындалады.

Контейнерлік алаңдарда орналастырылатын контейнерлерге қойылатын талаптар Кодекстің 368-бабының 5-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарымен регламенттеледі.

23. Собственник контейнеров организует их ремонт и замену непригодных к дальнейшему использованию контейнеров, принимает меры по обеспечению мойки и дезинфекции контейнеров и контейнерных площадок.

24. Арнайы техникаға қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлерді түсіру кезінде шашылған қоқысты жинауды тиісті қызмет көрсету ұйымының қызметкерлері жүргізеді.